

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мен және менің мамандығым-психолог (эссе)

ЖАРИЯЛАНДЫ
09.12.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/48640/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Кодарова Гүлшат Оразғалиевна

«Адам жанын түсіне білу, оны зерттей білу- үлкен өнер»

З.Фрейд.

«Мен бір жұмбақ адаммын» оны да ойла – деп Ұлы Абай атамыз айтқандай, әрбір тұлға – жұмбақ. Сол жұмбақтың кілтін тауып, жүрек кілтін аша білу, әрбір жүректің құпия сырын оқи білу мен қалаған мамандықтың ғажайып тылсым сыры.

Бұл қандай мамандық? Болашақта қандай мамандықты таңдасам? Осы бір сұрақ өмірге келіп, сана-сезімі жетілген әрбір адамды толғандырады сөзсіз. Бір кездері мен де осы бір сұрақтың жетегінде көп ойланып, толғанып, қиялдап, өзім қалайтын, өзім сүйіп айналысатын істі таңдау жетегінде жүрдім. Ақырында осы бір сұраққа жауап та таптым. Ол әлем – психология әлемі – жан туралы ғылым.

Қазақта «жанғылымын» ертемеңгерген. «Тәнауруыжазылар, жанауруыжазылмайды» деген сөзде үлкен мағына мен мән бар. Бүгінгі күні тәнауруындәрігердің шипасы емдесе, жанауруын психолог маманемдей алады. Мен әр адамның жүрегіндегі мұңды сезіп, ойды танып, дұрыс жол сілтей отырып, адамға деген мейірімділік пен ізгілікті беріп келемін. Психолог, ол кім? Психолог-өзінің білімі мен біліктілігіне сүйене отырып өзгелерді тығырықтан шығаруға көмектесетін ізгі жан. Мен өзімді терең түсіне жүріп, өзгелердің жан – дүниесін түсінуге, зерттеуге ұмтылатын зерттеуші жанмын. Сонымен қоса, жәрдемші, көмекшімін. Мен өзгелердің жанын ауыртпай, керісінше жан – дүниесі күйзеліске түскен жандарға өзінің психология әлемін шарлап, жанына дауа іздеймін. Міне, осыншама жақсылық атаулыны жүрегіне, ақылына, санасына шоғырландыруға тырысып келемін. Жақсы психолог болу үшін не қажет? - деген сұраққа былай жауап беремін. Ең алдымен терең білім, еңбек, дәлдік, ұқыптылық, бастамашылдық, қойған мақсатына жетуге деген өзкүшінен сенімділік. Бұл қасиеттер кез-келген мамандық иесіне тән емес пе? Әрине солай. Ал, психолог мамандығы бұдан да

гөрізор қасиеттерді талап ететініне ыңбек ету барысында сезініп, білудемін. Ең маңызды қасиетті мәселені шығармашылықпен шешетін терең татуицияның болуы. Мен басқа адамның мәселесіне еніп, түсіне отырып, бірақ бұдан өзім зардап шекпеймін. Керісінше, көмек, қажет болғаным үшін жаным рахат сезіммен бірге қоса, күш жігер аламын. Қазір мен мектепке дейінгі «Алтын сақа» мекемеде психолог бола жүріп, әрбір күн сайын, кездесетін қиыншылықтар мен проблемаларымен бетпе-бет кездесіп шешіп, өз білімімді шыңдау, іздену үстіндемін. Бұл мен үшін психология мектебі.

Психолог мамандардың жауапкершілігі бірнеше еселеп өсеп келеді.

Мен Жұмыс барысында көптеген психолог – ғалымдардың, ойшылдардың еңбектері мен танысып, халқымыздың ұлттық тәрбиесінегіздерінде бүгінгі психологтар қажетіне жаратар көп қазына бар екендігіне көзім жетті. Шығыстың аристотелі атанған ұлы бабамыз Әл-Фараби “Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы” деп көрсеткен. Бала тәрбиелеу өте қиын, жауапкершілікті үрдіс екені белгілі. Барлық ұстаз білім мен тәрбиені қатар алып жүруі керек. Бұл мақсатта әсіресе психолог мамандарға үлкен міндеттер жүктелген. “Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың” деген халық сөзіне сүйене отырып, әрбір баланы жекет ұлға деп танып, ғылыми, рухани мұраларды игерген, шығармашылық ой – өрісі бар, компьютерлік сауаттылығы мен ақпараттың мәдениеті қалыптасқан болашақты тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі мақсаттарының бірі деп ойлаймын.

Психологиялық жұмыс – адам жанымен жұмыс, адамайымен, жекет ұлғамен жұмыс. Бүгінгі біздің қоғамда жаһандану үрдісі мен келген қиыншылықтар көбейіп жатыр. Көгілді экранды жаулап шетелдік фильмдер, түрлі діни бірлестіктер шетелдік арзан қол музыкасы т.б. болашақты ұлап жатқаны жасырын емес. Олардың бәрі болашағымыздың көңіл-күйіне, психикасына әсер етуде. Бұндай келеңсіз істер мен күрес жүргізу бірінші кезекте тұр.

Халқымыздың көне заманнан келе жатқан «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген даналық сөзін ұмытпауымыз керек. Баланың бақытты болуы, жақсы азамат болғаны, ең алдымен, ата – анаға байланысты. Бірақ ата – ананың бәрі бірдей ұстаз емес, бәрі бірдей психолог емес. Оның үстіне толық емес отбасылар, қараусыз балалар, ата-ана мейіріміне зәру балалар қоғамда көбейіп келеді.

Бір шәкіртімнің қатты жасық, жасқаншақ екенін анықтап, оны «шалқайғанға шалқай, ол атаңның ұлы емес, еңкейгенге еңкей, ол атаңның құлы емес» деген қағиданы санасына сіңіріп, оның ешкімнен кем емес екендігін, жұртпен бірдей екендігін

дәлелдеп, жігерін ұштап, өзін-өзі тануына, қабілетін жетілдіруіне бар мүмкіндігімді жұмсаймын.

Егер бала өзімшіл, қызғаншақ болса, «кең болсаң кем болмайсың» деп, халқымыздың ұлттық тәрбиесі қонақжайлық, мәрттік, жомарттық жағдайларына қатысты қызықты әңгіме, жыр, қазақ би шешендерінің айтқандарын баяндау арқылы оның көпшіл болуына жол ашамын.

Жантанушы ретінде толық адамға айналар тұлғаға жол көрсетер жан болғанымна қуанамын.

Сондықтан мен, Гүлшат Оразғалиқызы өз мамандығымды қоғамға қажеттілігін сезіне отырып, ерекше жақсы көрем және жақсы психолог болу үшін барлық ерік -жігерімді сарп етуге әзірмін.

КМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.